

КӘСІПТІК қолданбалы өнер

жарты сірге

БІЛІМ

балдақ тұмарша



асан



аштархан теру



сынық мүйіз



жарты қорасан



кіші қора



тікмүйіз



туырлықкас



мүйізді қорасан



сырға



балдақ тұмарша



сұлама



теріе бұтақ



мүйіз



құсқанат



сірге теру

Т. Тілеубекұлы

ҚАЗАҚТЫҢ
ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ МЕН
ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРЫ



Т. Тілеубекұлы

ҚАЗАҚТЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ МЕН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРЫ

Оқу құралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
кәсіптік бастауыш және орта білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фоллиант» баспасы
Астана-2008

ББК 85.12

Т 93

Пікір жазғандар:

Балкенов Ж.Б. — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ермекбаева А.Е. — педагогика пәнінің оқытушысы, әдіскер;

Қырықбаева С.М. — филология ғылымдарының кандидаты

Тілеубекұлы Тоғанбек.

Т 93 Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары: *Оқу құралы.* — Астана: Фолиант, 2008.
— 136 бет.

ISBN 9965-35-317-4

Автордың бұл еңбегі болашақ ұрпақты халқымыздың мәдени-рухани мұраларымен таныстырып, олардың өнерге деген құштарлығын арттырады.

Еңбек этнопедагогика саласынан дәріс беретін оқытушыларға және халқымыздың дәстүрлі ұлттық бейнелеу өнеріне қызығушылық білдіріп жүрген қалың оқырманға арналған. Бұл еңбек жалпы білім беретін мектептерге, кәсіби мектептерге және студенттерге арналған.

ББК 85.12

ISBN 9965-35-317-4

© Тілеубекұлы Т., 2008

«Фолиант» баспасы, 2008

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының ою-өрнектері — Ұлы Даланың шежіресі. Сонау Көк Түріктерден бастау алған, ғасырлардан бізге жеткен бұл халық мұрасы колөнер ретінде дүниеге келіп, талай ұрпақтардың эстетикалық талғамын оятқан.

Бұл кітапта ұлттық ою-өрнек түрлері, атаулары және оны дамыту жолында ғасырлар бойы ізденген халық зерттеуі сөз болады. Ұлтқа тән бояу, ұлттық санадағы сұлулық пен эстетикалық талғам халық шеберлерінің ою-өрнекке қосқан үлестері арқылы танылады.

Ою-өрнектердегі тепе-теңдік, өткен мен бүгінгіні жалғастыратын шексіздік, бояулар үндестігі, өзін қоршаған табиғат анадан нәр алған өнер туындылары — әсемдік қана емес, сонымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани бай мұра.

Ою мен өрнек қазақтың қосалқы екі ұғымынан пайда болған. Екі ұғым біріге келіп, ою-өрнек аталып, латынның "орнамент" деген ұғымына сәйкес келген, яғни "әсемдеу", "сәндеу" деген мағынаны береді. Сонда ою дегеніміз — белгілі бір затты ою. Ол матадан, киізден, тас-тан, теріден, ағаш пен сүйектен және қағаздан ою, кесу, құю, т.б. тәсілдер арқылы жасалады. Ал өрнек ору немесе тоқу, кестелеу, торлау, термелеу, зерлеу, көмкеру және т.б. түрінде берілуі мүмкін.

Нағыз шебер иесі өзіне дейінгі дәстүрді терең меңгере отырып, оны одан әрі байыта жалғастырған.

Өнердегі ұлттық салт тол топырақтан бастау алып, "Сак-скиф стилі" деген атқа ие болған, кейін ислам діні осы өнерді шектегенде, өнер адамдары оны жоғалтып алмас үшін жана әдістерді өмірге әкелген.


Ою-өрнекті пән ретінде оқуға бола ма?

Иә, болады. Өзінің ұлттық ою-өрнек түрлерінен, атауларынан хабары бар адам олардың қандай оқиғаға құрылғанын, қандай қоңыл-күйді сипаттайтынын бірден біледі. Мысалы, түкті кілемдердің ортасындағы үлкен гүлдерді "күмбез" ретінде қабылдаса, кілем жиектеріндегі судың сылдырын естіп, олардың жағасындағы жасыл құрақтың самал желмен тербелген сыбдырын да байқар еді.

Қеңес дәуірінде түрлі себептермен әр республиканың ұлттық өнерін оқытуға шектеу қойылса, еліміз тәуелсіздік алған соң тіліміз бен дінімізді, тарихымыз бен мәдениетімізді, ұлттық өнеріміз бен салт-дәстүрлерімізді жаңартып жатырмыз. Осылайша, оқшылықтың орны толтырылуда.

Қазақ халқының ою-өрнектері туралы арнайы бағдарлама болмаған соң, 15 жылдай ел аралап, мұражайларды қарап, өнер адамдарымен кездесіп, ұлттық өнер туындыларын зерттеудің нәтижесінде осы еңбек дүниеге келді.

Автор колөнердің шығу тегі, бастауы, түрлері, атаулары мен мағыналарын толық қарастыру үшін өнер мектептерінде үйірмелер мен факультеттер ұйымдастырды. Сөйтіп шәкірттерге қолданбалы өнердің қыры мен сырынан дәріс беріп, содан түйгендерін қағаз бетіне түсірді. Сонымен бірге бейнелеу өнері мен еңбек пәнінің ұстаздарын тәжірибелік семинарға шақырып, ой бөлісіп, пікір алысты. Болашақ өнер иелері — суретшілер, оюшылар, зергерлер, сәулетшілер осы ұлттық өнерді мектеп қабырғасынан алып, өнер әліппесін игеріп, рухани жағынан жанғырса, өнеріміз өркендесе, оны кәсіби деңгейге көтерсек, ұлттық өнерге қосқан аз да болса үлесіміз болар еді.



Ерте кезде қазақтар жайлауға көшкенде кош ерекше сән-салтанатпен жасалса, адамдар да өздері қыстай әзірлеген киім-кешектерін киіп оны одан сайын көріктендіре түскен. Осылайша, табиғат пен адам қолынан жасалған ою-өрнектер бір-бірімен астасып жатқан.

Ол кезде әр ауылдың коші ашық аспан астындағы ою-өрнек көрмесіне айналғандай болатын. өнер жарысының самғау биігін көктемдегі жайлау көштерінен байқауға болады.

Бүгінде ондай көріністі көрс алмайсын, дегенмен шетелге шыққан өнерпаздарымыздың ұлттық үлгідегі киімдерін көрген басқа ел өкілдері бізге таңғалып, тамсанады.

Қазақтың ою-өрнектерінің бастауы мүйізден алынған. Себебі, көшпенді халықтың негізгі шаруашылығы – мал бағу. Олар малдың сүтін ішіп, етін жеп, терісінен ат әбзелдерін, мүйізінен желім, жүнінен киіз, киім тіккен, ал ешкі мүйізінен пышакка сап жасаса, малдың жауырын сүйегінен қалақ, жілігінен шокпар дайындаған, бала бесігіне шүмек жасаған.

Мың бұралған бишілердің әрбір қимылынан ою-өрнектердің түрлерін байқаймыз. Олар шыққан күнді, кошқармүйізді, тулаған толқынды, сылдыраған суды, қауызын ашқан гүлді бейнелеп, өзінің ұлттық өнерінің сабақтастығын айқын көрсете білген.

Халқымыздың ою-өрнектері мазмұны мен оқиға құрылымына қарай түрленіп, араласып кетеді. Әр шебердің өнер шеберханасындағы ою-өрнектер де әр түрге көбейіп, бай мазмұнға ие болған. Бүгінде ою-өрнектердің барлығы да ұлттық сипатқа, халықтық мұраға айналып отыр.

Қазақтың Ұлы Даласы үш әкімшілік басқару орталығынан тұрған. Олай болса, әр әкімшіліктегі ою-өрнектер әр жерде әр түрлі дамыған. Мысалы, оңтүстікте (оңтүстікте) – осімдік оюлары, батыста – тұйық ою, сынықмүйіз, құмырсқа, баспалдақ, ормекші оюлары басым болса, орталықта – мүйіз оюлары кен таралған.

Әр шебердің өз бұйымдарына арналған рулық таңбалары болған. Сол сияқты өз мектебі, өз шәкірттері, өз құпиясы болғанын байқаймыз.

Қазақтың ою-өрнектерін жасаушы халық шеберлері дала бояуын шөп пен тамырдан дайындаған.

Сұлулық пен әсемдік – дала табиғатының еңшісі. Осы даланың ұрпақтары бояу рендері арқылы да өз ойларын бере білген. Бояуға тіл бітіріп, оларды сөйлете білген.

Халық шеберлері Күн нұрын инеге сабақтап, Ай сәулесін өнерде қолданып, қуаныш сезімдерін жұлдыздарға балап, жібік кілемге шашып жібергенін байқаймыз.

Олар аспандағы ақ бұлт, шарбы бұлт, қазбауыр бұлттарды іліп алып, қайың жапырағын қара қазанға қайнатып, түрлі-түсті шоптермен араластырып, жауыннан кейінгі кемпіркосакты да ою-өрнекке түсіре білген.

Дала қазағы үшін бояулар – жарық дүниенің ажары. Оған қоса Жер-Ананың асыл тастары да әйел денесінен жарасым тауып, сұлулықпен үндесіп жатады.

Қорыта айтқанда, қашан да болсын қандай да бір халықтың рухани сұлулыққа бой ұрған кезеңдерін аз оймен жеткізу мүмкін емес. Бұл – ғасырлар жемісі, ұйқысыз түндер, шабыттан қуат алған, артына із қалдырған, кейінгіге ой салған шеберлердің еңбегі. Бұл – мәңгілік өнердің толассыз тулаған шабыты, ол әр ұрпаққа жігер беріп, ұйықтағанды оятар, өйға жетелер деп сенеміз.





1-БӨЛІМ

ҒАСЫРЛАРДАН ЖЕТКЕН ОЮ-ӨРНЕКТЕР

Қазақ халқының ою-өрнектері мағынасы мен жасалу жолдарына қарай 7-ге бөлінеді. Олар: космогониялық ою-өрнек (аспан денелері), магиялық ою-өрнек (аспан денелерінің адам тағдырына әсері), өсімдіктер бейнеленген ою-өрнек (гүл-жапырақ), жан-жануарлар, құстар және жәндіктер бейнеленген ою-өрнектер (зооморфтық аңдар үлгілері), геометриялық ою-өрнек (шенбер, үшбұрыш, шаршы), жер-суға, үй тұрмысына байланысты ою-өрнектер (1-кесте).

Осы ою-өрнектер өздерінің басты белгілеріне қарай бірнеше топқа бөлінеді. Олар: гүлді ою-өрнек, торлы ою-өрнек, орта ою, шет ою болып келеді.

Сәулет өнерінде шет ою-өрнектер фриздер мен жиктерде кездеседі, сондай-ақ сырмақ, тұскиіз, кілемдерді және киетін киімдерді көмкеріп, сәндеуге арналады.

Ал торлы ою-өрнек пен гүлді ою-өрнектерді кілемнің, тұскиіз бен әйел киімдерінің орта тұсына қолданады.

Ою-өрнектердің түрлеріне, белгілеріне, мағыналарына қарай қалай бөлінетінінен хабардар болдық. Енді олардың өзіндік ерекшеліктеріне де назар аударайық.

1. Космогониялық ою-өрнектер (аспан денелері)

Сонау ерте заманда бабаларымыз Ай мен Күнге, жымындаған жұлдыздардың орналасуына, қозғалысына назар салғанын білеміз, олар аспан денелері арқылы уақытты, жыл мезгілдерін өздерінің "киіз үй" атты обсерваториясында отырып-ақ зерттеп, бағдарлай білген, жазына қарай қысын, көктемге қарай күзде не болатынын болжап, алдын ала әзірленіп отырған.

Дала перзенттері алыс жолға шыққанда далада түнеп, ғарыш әлеміне саяхат жасап, кеңістікке, биіктікке ұмтылғанын да аңғарамыз, олардың ою-өрнектерінен-ақ адам мен ғарыш арасын жалғастыратын ұлы күдіретті құпия бар екеніне тан қаласын.

"Тіпті қазақтар далаға түнегенде аспан жұлдыздарын көрпе ретінде жамылып, Жер-Ананың жасыл шалғынын тосек еткен екен-ау" деген ойға келесін.


Шығыс елдеріне тән мүшел жылдары арқылы жыл санау, табиғаттың төрт маусымы арқылы амалдардың ауысуын жіті қадағалау, ауа райының өзгерістеріне назар салғанын байқаймыз.

Олар судың тасуын құстардың оралуына қарай, қар көшкіндерін, жұт жылдарын, зілзала-ның қасіретін алдын ала біліп пайымдаған.

Ал, қазақ қолөнерінде кездесетін айшық, ай гүлі, құс жолы, ай мен күн белгілері мен бесжұлдыз, сегізжұлдыз сияқты пішіндері халықтың танымынан, сенім-түсінігінен хабар береді.

Ертеде малшылар мен аңшылар ай мен күнді, жұлдызды бағытына алып, түн қараңғысында жол тауып, жоғалған малды ізін қуа отырып тауып алатынын ауыл ақсақалдарынан естуші едік.

Дала заны оларды байқағыштыққа, сезімталдыққа үйретті. Тіпті қазақ халқы табиғатынан шекара күзетшісі деуге болады.





Олар аспандағы Ай мен Күнге табынып, танның атуы мен батуын өзінше күдірет санаған.

Сонау ертедегі түркі тектес тайпалардың көсемдері аспан денелерін кеудесіне қадап, мойынға іліп, бойтұмар ретінде сақтап жүрген. Олардың сол кездегі наным бойынша, аспан денелері аурудан, көз тиюден, қарғыс пен тілден сақтайды немесе бұл ұғым адамдар арасындағы лауазымды білдірген.

2. Магиялық ою-өрнектер

Шығыс халықтарының наным-сенімі, түсінігі бойынша ою-өрнектің бұл түрі кең орын алғанын байқаймыз. Бұл өнерді толық меңгеру үшін бақсылар арнайы оқудан отіп, 40 күн бойы дұғаларды жаттап, жын-перілермен айкасып, адам наным жетпейтін іс-әрекеттерімен жұрттың көзіне түскен.

Осы өнердің көрінісін арабтардың "Мың бір түн", "Тотынама" ертегілеріндегі кейіпкерлердің іс-қимылдарынан-ақ көруге болады.

Сонау бағзы замандардан қалған әдет-ғұрыптарда кездесетін бойтұмар, алқа, білезік, кісс сияқты заттар – сол замандардан бізге жетіп, миға сіңіп қалған нанымдар. Қазір бұл заттар бұрынғы түсініктен арылып, әшекей бұйымдары ретінде қабылданады, сұлулық, зергерлік заттар ретінде сатылады.

Қазақ халқының наным бойынша, ер азамат жат жерде қаза болса, оліктің несі сол жердегі аламдарға аманат ретінде қалдырып, қаза болған адамды уақытша жерлеп, мойнына кісе салып ант береді екен. Бұл ырымды әйел адам босана алмай киналғанда ер адамның кіссін босағаға іліп қойып, камшымен жын-шайтандарды қуып, ыдыстарды даңғырлатып үркітіп аластаса, әйел жеңіл босанады деп сенген.

"Мойынға белбеу салма", "айға қарап дәрет алма", "адамды және жұлдызды санама" деген тыйым сөздер осындай түсініктерден қалған.

3. Өсімдік ою-өрнектері (гүл-жапырақ ою-өрнектері)

Ою-өрнектің негізін салушы – әйел адамдар, яғни аналар. Олар даланың гүлін терсе жүріп, дала бояуын өсімдіктердің тамырларынан жинай жүріп балғын балалығын, туған жерін секе алғанда, сырмақ пен тұскиізге, кілем мен алашаға оюларын оюлап, көңіл-күйінің пернелерін кестелей білген.

Ақ арманы ақ орамалға гүйіп жүретін аналар өзінің ақ тілеуін жалғастырушы қызына арнап гүлдердің, аспанның түсін, судың ағысын көрсететін өмір өрнектерін шежірелеп жазған. Оюларла елдің арманы, көңіл-күйі бейнеленген.

Ал жігіттер ше? Олар да өз махаббатын сүйіктісіне жеткізу үшін, қыз көңілін табу үшін алтын мен күмісті зерлеп, асыл тастармен көмкеріп сырға, сақина, білезік, алқа соғып, ер-тоқым, аяқ киімдер жасайтын еді.

Иә, халық шеберлері жер-су, тау мен даланы, ұшқан құсты, жүгірген аңды арқау етіп, ой-өрісін, арманын өрнектеген. Олар табиғат құбылыстарын ой елегінен өткізіп, көңіл көзімен қарап жасаған сапалы, талапқа сай әсем дүниелерін ұрпаққа қалдырған.

Өсімдік ою-өрнек үлгілерін зергерлер мен оюшы, өрнекшілер тұрмыста көп қолданған. Халық шеберлері гүлдің сабағын, жапырағын жиі пайдаланған.





Үш жапырақ, бес жапырақ, жармагүл, жауқазын, раушан гүлдерін оюда, кестелесуде пайдаланса, оларға жаңадан ат қойып, әр шебер "орайгүл", "қауыз", "сабакша", "жапырақ", "өркен", "бүршік" деп айдар тағып, ою-өрнектердің түрін молайта берген.

Өсімдік ою-өрнегін кейде "гүлжапырақ" деп те атаған. Осы оюлар кілем мен алашаның ортасында орналасқан. Бұл туған жерін сағынғанда даланың гүлдерін көз алдына әкелетін қыз жасауының ішіндегі қымбат дүниенің бірі болған. Қыз бала төркінінен келген бұл кілемді ерекше қадірлеген. Бұл мүлікте туған жердің табиғаты, құрбылардың қол белгісі, арман-тілегі жазылған деп білген.

Сонымен қатар бұл оюлан табиғатта кездесетін жәндіктерді кездестіруге болады.

4. Жан-жануар ою-өрнектері

Бұл оюды кейде зооморфтық ою-өрнек дейді. Бұл ою халықтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен аңшылықтан бастау алған.

Әуелде, зооморфтық ою-өрнектерді бейнелеу тәсілдерінде, суретте, жауынгердің қаруларында бейнеленген.

Бұл біздің заманның X-XI ғасырларына дейін тұрмыста орын алды, кейін Ислам дінінің келуіне орай өзгеріске ұшырады.

Адамдардың, жан-жануарлардың іс-әрекеттерін бейнелейтін ұғымдарға тыйым салынып, ол: "Құдайдың қолынан келетін күдірет", – деп үгіт таратты. Халықтың талай ғасырлардан келе жатқан түсінігі теріске шығарылды.

Алайда, халық шеберлері ұрпақ сабақтастығын үзбей, ою-өрнекте жан-жануарлардың ізін, сыртқы пішіндерін шартты ұғымдар арқылы бере білді. Ою-өрнек үлгілері қайтадан жаңғырды.

Археологиялық қазбалар барысында табылған ертедегі сак тайпалары мен Дешті-Қыпшақ шеберлерінің қолынан шыққан алтын бұғылар, қанатты арғымақтар, жауынгердің қару жарақтары, ыдыс-аяқтардағы ою-өрнектер баға жетпес мұра екені даусыз. Бұл жәдігерлерде бейнеленген ою-өрнектер "ан үлгісі" деген атпен тарихта қалған. Көркем дүниелер даланың сұлулығынан алынғанына ешкім күмән келтірс қоймас.

Ең оқініштісі, қазақ елінің рұқсатынсыз-ақ жат елдің байлық іздеген кезбелері даланың әр тобесін қазып алып, аталан балаға мұра болып қалған талай бұйымдарды, алтын мен күмістерді, бағалы заттарды тонап кеткен. Олар осындай іс-әрекеттеріне қарай "бутровиктер" деп аталған.

Бұл қазыналардың көбісі Эрмитажда сақталса, кейбіреулері жеке адамдардың қолында кеткен. Баға жетпес осы тарихи дүниелердің бәрі де әзірше елімізге қайтарылмай отыр.

Зооморфтық ою-өрнектердің атаулары төмендегідей:

1. Арқармүйіз, қошқармүйіз, маралмүйіз, сынықмүйіз, қосмүйіз, тармақмүйіз, т.б. Олардың ішінен қосмүйізді – ырғақ, сынармүйізді – сынарөкше деп қосалқы аттарымен де атай берген.


2. Құсқанаты, құсмойын, құс жолы, құс ізі, құстұмсық, түйемойын, түйеорқаш, түйе ізі, тышқан ізі, итқұйрық, балта, барыс пішіні, түлкібас, қасқырқұлақ, сынарөкш, омыртқа, төртқұлақ, т.б.

Қорыта айтқанда, зооморфтық ою-өрнектердің шығу тегін байқасақ, оларды төмендегідей жіктеуге болады:

1. Мал, малдың ізінен, мүшелерінен алынған.

2. Аңның айырықша белгілерінен, көзге түсер сыртқы пішіндері мен іздерінен алынған.

3. Жәндіктер мен құстарға байланысты.



Көне сак тайпаларының жауынгерлері өз қалқандарына аң мен құстың несесс корқынышты аңдардың бастарын салғызып жауға аттанған. Бұл суреттер жауға корқыныш әкеледі, жауынгерге қуат береді деп есептеген.

Ою-өрнектердегі шет оюлар шексіздікке ұласып, адам өнерінің толассыз дамуын көрсетеді. Бұл өрнектер талай қоғамдық өзгерістерді бастан кешіп, бізге жетті.

Орта ою-өрнектердің бәрі де белгілі бір оқиғаларды баяндап, ұлттық сананың дамуына ықпал жасады. Ою-өрнектердегі түстер де табиғаттан алынып, оқиғаның мағынасын ашуға көмектеседі. Қарама-қарсы түстердің ұлттық санаға қосқан үлесін байқатады, әр түрлі реңдер өнер адамдарына шабыт беріп, сұлулық әлеміне құштарлығын арттырады.

Ою-өрнектердегі тепе-теңдік, үйлесім мен толассыз қозғалыс болашаққа деген үмітті бейнелеп, өз жылғасын, өз айдынын іздеген тау бұлағындай арнасын кенейтіп ұрпақтан-ұрпаққа жетті. Өнер адамдарының сұлулыққа деген құштарлығы, шығармашылық ізденісі осы қолданбалы өнерде кең орын алған.

Аң үлгілерінің белгілері қайырымдылық пен жауыздықтың, өмір мен олімнің мәңгілік күресін бейнелесе, гүл-жапырақ пен жер-суға байланысты ою-өрнектер туған жерге деген махаббат пен сағынышты аңғартады. Үй тұрмысынан алынған ою-өрнектер сезімталдықты көрсетеді, аспан денелері бейнеленген ою-өрнектерден ата-бабаларымыздың табиғатпен етене жақын болғанын, киіз үй шанырағынан немесе далада түнегенде аспан әлемімен, жұлдыздармен сырласқанын байқаймыз.

5. Геометриялық ою-өрнектер

Архсологиялық қазбаларға сүйенсек, геометриялық ою-өрнектер біздің ғасырымызға дейінгі екінші мыңжылдықта пайда болған. Сол замандарда саз балшықтан құмыра, ыдыстар жасап, өрнектерді сызықтармен әсемдесу әдістері кең орын алған.

Қазақ халқының сәулет өнерін зерттеуші ғалым Т.Бәсенов геометриялық фигуралар мен жазық денелердің қалай пайда болғанын айта келіп, бәрі де еңбек тәжірибесінен шыққан, өмір қажеттілігінен туған деп тұжырымдайды. Ол: "Тегінде жаналықтың бәрі де еңбектен басталады. Адамдар өздерінің ауыр тұрмысын жеңілдету үшін еңбек құралдарын ойлап шығарды", – дейді. Еңбек құралдары мен үй мүліктері, әшекей заттардың бәрі де ізденістің жемісі. Ежелгі дала тайпалары аң аулағанда әуелі ағаш пен тастарды, терек жыра мен сайларды пайдаланған. Тас қорғандар мен талдан жасалған шарбақтарға аңдарды барабан, сыбызғы, даңғырамен үркітіп кіргізіп, ұстап алатын-ды. Ол қорғандардың сыртқы пішіні шеңбер, шаршы, ромб, үшбұрышты болып келген.

Жас төлдерді қолға өсіріп, мал шаруашылығының дамуына үлес қосты. Күз айының ызғарлы суығы мен қарлы дауылынан малды сақтау үшін, қамыстан қора салса, көктемде киіз үйлерді жас төлдерді сақтау үшін пайдаланған.

Дала адамдары отырықшылыққа бейімделіп жер жырттып, бау-бақша өсіріп, егін салғанда, жер көлемі геометриялық жазық денелерден тұратындығын байқаған.

Малшылардың жазғы жайлауы, қысқы қыстауы да осындай белгілі бір шекаралық сызықтардан тұрған. Олардың бәрі де осы геометриялық өлшемдерден алынса, еңбек құралдары мен үй мүліктері де геометриялық денелерден пайда болғанын байқаймыз.

Осы ойды жазушы Мұрат Әуезов те қазақ халқының ою-өрнектеріне, сәулетіне зер салып, өз ойын былай деп тұжырымдайды:

"Көшпелі халық ұрпақтары бар өмірін ат үстінде өткізген. Ат үстінде ұйықтап, ат үстінде оянған. Атқа мініп, жолға шыкса шалғынға атын қоя беріп, бұлақтың суын ішіп алып, өзі де



жасыл құраққа жата кетеді. Ол сол кезде не көреді? Төнкерілген аспан – ол жарты шар, ал өзі жазық далада жатыр, ол – жер. Жер көлемі көкжиекпен астасып жатыр, көз көрім жердің айналасы шеңбер сияқты".

Иә, қазақтың киіз үйі де аспан аясына ұқсайды емес пе?! Ол табиғаттың нақ өзінен алынған. Қазақтың киіз үйі дала обсерваториясы емес пе?!

Киіз үйдің керегесі – айнала қоршаған орман мен таулардан соққан самал желді еске салады. Ал уықтары – Күн нұрының сәулесінен жаралғандай. Киіз үйдің ең үстінде күн сияқты шеңбер шаңырақ бар. Ол киіз үйдегі адамдардың өмірін ғарышпен ұштастырып тұрған ашық терезе сияқты.

Міне, осы көріністердің бәрі де дала қазағының сәулет өнерінде кең орын алған. Күмбезді сарайлар, мешіттердегі жарты шарлар да осы киіз үйден алынған. Тіпті, өзіне үй салмаса да, еліне еңбегі сіңген адамдарға күмбезді бейіттер салғанын байқаймыз. Ал даладағы мазарлардың көбі төртбұрышты болып келген, ол – терістік пен оңтүстікты (оңтүстікті), шығыс пен батысты білдіретін нысана.

Геометриялық ою-өрнектердің құрылымы кейде гүлжапырақ оюларымен, зооморфтық оюлармен кабаттасып, араласып келеді.

Ою деген не?

Ою белгілі бір матадан, киізден, теріден, тастан, темірден, ағаштан ою, кесу, егелеу, тілу, құю, т.б. тәсілдері арқылы жасалады.

Ойылған, құйылған, тілінген, кесілген ою екінші бір басқа затқа желімдеп жапсырылады. Мата, тері, киізден жасалған оюлар түрлі-түсті жіптермен көмкеріліп, жиектері біріктіріледі.

Оюлар сырмақ пен тұскиізде, құрақ көрпе мен текеметте жиі кездеседі.

Халық оюды ойып, жапсырмалап әсемдеумен шұғылданатын адамдарды "оюшы" деп атаған. Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі ою-өрнек шеберлері туралы айтылған пікірлердің тәрбиелік мәні зор.

"Асыл маржан ару мойнына, алмас кылыш ер колына жарасады", – дейді де, әр өнер асылы өз саласында құнды деп мензейді. Халық шеберлері сан ғасырлар бойы ұрпақтың тәрбиесіне ден қойып, оларға ой салып, әсемдікке, сұлулыққа үйреткен. Олар өздерінің шәкірттерінен биік талғамды, таудай талапты, шыдамдылықты талап етіп, "Талаппен бастап, талғаммен аяқта", "Асыл қайшы пішуге сән, күміс қасық ішуге сән", "Ою ойғанның ойы ұзарады, сызу сызғанның сиқыры бар", "Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің еліңе жақсы", "Үлгісі көптің өрнегі көп, өрнегі көптің ермегі көп", "Асыл тастан, өнер жастан" десе, олақ, икемсіз жандарды да өткір созбен сынап бағады. Мысалы, "Оюды оя алмаған ойланбаған", "Ойсыздан оюшы шықпайды", "Өнерсізден құт қашады" деген ойлы, орамды даналық сөздермен тәрбиелеп отырған.

Өнерлі адам күннің шуағы тәрізді. Олар өздерінің көркем де сұлу өнерлерімен жұртшылыққа ой салады, "болмасан да ұқсап бак" деп үйретеді. "Әке көрген оқ жонар, шеше корген тон пішер" деп бала жастан тәрбиелеуге мән берген.

Халық ағаштан түйін түйген, темірді қайыстай илеген, алтын мен күмісті балқытып зер салғызған. Бес саусағынан өнер тамған адамдарды құрметтеп, ерекше қадірлеген.

Қазақ халқы ежелден еркіндікті аңсады, мын өліп, мын тіріліп, сан рет тарихтың әділетсіздігін бастан кешіп, 300 жылдай өзге елдің отарында болса да, бәріне төзе де, қонне білді.

Шығар күннен үмітін үзбеді, келер ұрпақтың оянғанын аңсады, олардың зердесіне бабалар арманын құя білді. Қайта есін жиды.

Ежелгі түркі тайпаларынан қалған, әдет-ғұрыптың бірі – үлкенді сыйлау, болашағынан үміт үзбеу.





Сенгені – жақсылық, сенетіні – болашақ. Ошақтың оты сөнбесін деп ұрпақты армандаса, арманына жеткізер де осы ұрпақ еді. Халықтың тарихы тасқа жазылып, тілін әлем үйреніп жатса, әдет-дәстүріне басын исе, өнеріне тамсанса, бабалар арманының орындалғаны емес пе?!

Иә, нағыз оюшы өзін қоршаған ортасының сұлулығын тани біліп, оны ою-өрнекте қолданды. Бұл тұрғыдан алғанда нағыз төкпе акын мен күйшілерге ұқсас келеді. Өзіне дейінгі дәстүрді терен меңгеріп, оны одан әрі жалғастырды.

Олар – ұлт мақтанышы, халықтың тұрмыс-тіршілігін ою-өрнекпен жазып қалдырды.

Ел аузында ою-өрнек түрлерін жіктеуге арналған мынандай мақал да бар: "Күміс семдеп зер салмай, кошкармүйіз төңкермей ұласымды өрнек жараспас, көкөніс өрнек көмкермей".

Ою мен өрнек қазақтың қосалқы екі ұғымынан пайда болған. Екі ұғым бірігіп келіп, латынның "орнамент" ұғымынан туған. "Әсемдеу, сәндеу" деген мағынаны білдіреді.

Осы сәндеу, әсемдеудің түрлері хайуанат, өсімдік, космогониялық, магиялық және геометриялық әдістер арқылы белгілі бір ырғақпен қайталанып, белгілі бір ойды аяқтап, ою мен өрнек арқылы жазылған мұраларымыз – өшпей жаңғырып келе жатқан ұлттық құндылығымыз, байлығымыз. Әрбір ою-өрнек белгілі бір ойды білдіріп, болашаққа жазылған хат-шежіре іспеттес.

Ою мен өрнек – жалпылама атау ғана. Оюды өрнектен, өрнекті оюдан ажырата білу керек. Осы ойларды ескере отырып, снді өрнек үлгілерінің ерекшеліктеріне назар аударайық.

Өрнек деген не?

Өрнек – өрмек тоқып, осы өрмекке өрнек салу. Оюды кестелеу, термелеу, тоқу, зерлеу, көмкеру арқылы бізбен әсемдеп, өрнектеген.

Қазақ халқы өрнек өнерімен шұғылданған адамдарға да үлкен құрмет көрсеткен. "Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынаиды" деп те бекер айтпаған.


Ою-өрнек өнері – ұлттық өнеріміздің көне түрінің бірі. Оны жаңа мазмұнмен байытып, халық мүддесіне жарата білу – сұлулыққа, әсемдікке деген іңкәрлікті, ізденісті дамыту. Қайталанбас асыл мұра, әлемдік сұлулықпен ұштасып, сабақтасып, ұлттың өзіндік болмысынан, сана-сезімінен хабар беретін сұлулық көпірі, әсемдік сыры десек қателеспеспіз. Бұл – бабалар мұрасы, аналар өнері.

Өрнек – белгілі бір үлгі бойынша қиып алып, басқа бұйымдарға орналастырып, оларды сызып алып, жиектерін әр түрлі жіптермен көмкеру.

Өрнектің екінші түрі – өрмек тоқу. Халық шеберлері қойдың жүнін бояуға салып, оны кептіреді де әр түске бояп иіреді. Арнайы 4 қазыққа орай отырып, оны екіге бөліп шумақтаған соң екі қазыққа бекітіп, ортасынан мосыға асып қойып, қайыңнан қылыш дайындап, өрнек салып тоқи бастайды. Бұл әдіс бойынша қазақтың сынықмүйіз, сынармүйіз, итқұйрық, жүген, ромб, жұлдыз сияқты, т.б. оюлары дайындалған. Осы әдіс бойынша алаша, қоржын, шидем шапан, қап, сонымен қатар уықбау, желбау сияқты үй тұрмысына қажетті заттарды дайындалған. Кереге мен уық жалғасқан жерге ленталы бауларды өрнектеген.

Өрнектің үшінші түрі – ши тоқу. Шиді күзде жұлып алып, кептіреді де, қабығынан тазартып алған соң оларды бірдей етіп шашақты жағын кесіп алады. Баканды айыр екі ағашқа асып қойып, екі жағына байлаған домалақ жіпке бір-бірлеп шилерді салып отырады. Оған баспалдақ, ромб, жұлдыз сияқты оюларды салады. Ол үшін шилерді әр түсті жіптермен орап дайындап алады.

Ши дайын болған соң, өрнек салынбаған шилерді төрдегі сырмақтың астына салады. Сырмақ шіріп кетпес үшін осылай істеген. Ал өрнек салынған, тоқылған шиді есікке салады. Ол





жаздың ыстығында самал желмен ауаны тазартып, шыбын-шіркейдін үйге кіруіне кедергі болған.

Жаз айларында есік алдына ағаштан өре салып, төбесін шимсін жауып қояды. Шидің ішінде үлкендер, үйге келген қонақтар дем алып, тамақ ішсе, үстіне сықпа құрт жайған.

Өрнек салынған шимен керсегенін айналасындағы киізді бастырып қояды, бұл киізді шіруден сақтаған, кейде киізді түріп қойып, оның орнына осы шиді жайған. Сонда самал жел соғып, үй салқындаған.

Өрнектің төртінші түрі – өру. Өру әдісі дүние жүзіндегі барлық халықтарға тән. Теріден таспа тіліп алып, қамшы, өре, тұсау, белдік ореді. Осы әдіс арқылы қамшы, жүген әзірленеді.

Сонымен қатар мал қораға шарбақ та тоқыған. Аң аулағанда да осы әдісті пайдаланған. Жас шіліктерден ыдыстар тоқып, балық аулағанда сондай ыдыстар қолданған. Кей жерлерде қамыстан өріп-буып мал қора, тіптен тұрғын үй дайындаған. Мұның бәрі де өмір қажеттілігінен туған. Өрнектің ең жетілген түрі – кілем тоқу. Қазақ халқының шеберлері кілем тоқудың тақыр кілем, жібек кілем, түкті кілем, мақпал кілем, т.б. сияқты 20-дан астам түрін меңгерген.

Қазақтар бояуды қайдан алған?

Ерте замандарда киіз үйді ойлап шығарған шебер киіз үйдің сүйегіне дала бояуын кен пайдаланған екен. Олардың түсі қызыл, жасыл, көк түсті болып кездеседі. Осы әдісті ХХ ғасырға дейін қолданған. Бұл әдісті қазақтар "жосалау" деп атаған.

Қазақтар үшін қой мен қозының және түйенің жүндерін өсімдіктердің тамырларына, қайымен талдың қабығына салып, қайнату арқылы бояған. Оларды бір-біріне қосып, қосалқы түстердің әр реңдерін таба білген.

Әрбір шебердің қолынан шыққан тақыр кілем, масаты кілем, түкті кілем, жібек кілем, қалы кілем, шатырғұл кілемдерді және сырмақ пен алаша, тұскиіз дайындағанда, осы әдістерді мол пайдаланған.

Қозы жүнінен ақ ордаға, ақ отауға киіз дайындап, түйе жүнінен шекпен тоқып, мал терілерінен жоғары сапалы аяқ-киімдер, ішіктер мен тондарды тігіп, ою-өрнекпен әсемдеп отырған. Жауынгерлер майдан даласына шыққанда, жемі жоқ ақ киізден жасалған киімді киген екен. Ол "кебенек" деп аталған. "Кебенек киген келеді, кебін киген келмейді" деген сөз содан қалса керек.

Ірі мал терілерінен саба мен жол торсық жасап, тобылғының түтініне салып ыстаған, ат әбзелдерін дайындап, кесе қап, қазан қап пен жол сандықтарды өрнектей білген.

Ұлттық ою-өрнектерде кездесетін бояулардың түстері, олардың реңдері де, белгілі бір ұлттық сана-сезімнен туған. Мысалы, қара түс – жердің, қайғының белгісі, көк түс – аспан мен судың белгісі, жасыл түс – өсімдіктер мен жастықтың белгісі болса, қызыл түс – күн белгісі, сары түс – күз бен қарттықтың белгісі, ал ақ түс адалдықтың, пәктіктің белгісі екені мәлім.

Томар бояуды (ашутас) ыстық суға салып, араластырып қайнатқанда сары бояу алса, қына мен жусанды қайнатып, қоңыр, қызыл, көк бояулар дайындаған. Талдың қабығы мен итмұрынның тамырын да кен пайдаланғанын байқауға болады.

Ою-өрнектің тәрбиелік мәні

Әр халықтың ою-өрнегі тарихтың көшіне ілесіп келеді. Әр шебер өз халқының тума өнерінен нәр алып, әсемдікке, сұлулыққа деген асыл қасиетіне бой ұрғандықтан бұл өнер бүгінгі



ұрпаққа жетіп отыр. Келесі ұрпақ, келесі толқын оны дамытып, сұлулық әлеміне саяхат жасайды. Бұл – мәңгілік өнер, ол адамға ой салады.

Халық шеберлері өздерінің ой-қиялымен бақыт пен қуанышты, қайғы мен мұнды, ғашықтық пен сұлулықты, адамгершілікті бейнелеген. Ғалам кереметтерін түйсігімен сезініп, қиялымен биікке әуелеп, теренге сүнгіп, кеністікке сыймай, аспан әлеміне, ғарышқа да назар салғанын өнер туындыларынан байқаймыз.

Әр шебердің өз құпиясы, өз танбасы болған. Сонау бағзы замандарда жазу-сызуы болмаса да, өз ойын тасқа қашап, өздері өмір сүрген заманнан белгі қалдырған. Бертін келе ағашқа, сүйекке, саз балшыққа ойып, сызып, қашап, бедерлеп жазса, кейін келе басқа жұмсақ материалдарды пайдаланған. Әр шебер өз жаңалығын енгізіп, жаңғыртып отырған.

Ою өнерінде әуелі арнайы үлгілер дайындалады. Оларды бастырып сызып, ойып жапсыру, біріктіру, бастыру әдістері арқылы әзірлеген. Ою түрлерінің әдістері теңдеме, жүздеме шет ою түрлерінен тұрған.

Өрнектің алаша тоқу, басқұр дайындау, шиді өрнектеуден өзге зерлеу, кестелеу, сыру, теру, көз салу, шымкестелеу, мүйіздеу, шашақтау, гүлдеу, тандайлау, ілмектеу, торлау сияқты түрлері бар.

Мал және аң терілерінен тон, ішік, тымақ тіккен, ер-тоқым, жүген, нокта, үзеңгі, құйысқан, омілдірік, кісе, кемер белбеу сияқты ат әбзелдерін жасаған. Ал теріні көзеу, бұрау арқылы киіз үй керегелерін бір-біріне бекіткен, өру, шашақтау, тоқпақтау, қыру тәсілдерімен камшы, тұсамыс дайындаған.


Ал зергерлік өнерде бір затты екінші затқа қиюластыру, шегелеу, құю, дәнскерлеу, біріктіру, кактау, күмістеу, термелеу әдістерін қолданған.

Мысалы, батырлардың жауынгерлік қару-жарағын (дулыға, айбалта, шокпар, садақ, жебе найза, сауыт, қалқан, мылтық, найза, қылыш, т.с.с.), қыз-келіншектердің қымбат дүниелерін жасағанда асыл тастарды көздеп салып, жылытатып, өң берген. Оларға білезік, сақина, сырға, алқа, т.б. жатады. Ер-тоқымды күмістеу, өмілдірікті зерлеу, жүгенді күмістеп қаралау әдістері көп қолданылған. Тастарды қашау, бедерлеу, ысқылау, мүсінді өңдеу әдістерін сүйек пен ағашты өңдегенде де пайдаланған. Міне, осындай өнер биігінен көрінген халық шеберлерінің еңбегін көрген шетелдік қонақтардың тамсанып отырып: "Көшпелі қазақ елі жайлауда да, көшкенде де, жауынгерлік сапарда да, ел қыдырғанда да, ою-өрнектің ортасында бөленіп жатқандай сезінемін" дегеніне де куә болған едік.

Мысалы, қонғе түркі тайпаларының көсемдері, билері мен хандары және батырлары арнайы белгілерімен көзге түскен. Олар әуелде қола, темір, кейін күміс пен алтыннан бойтұмар тағып, шапандарының арқа тұсына өздерінің лауазымдарына қарай оюлар жапсырғанын білеміз. Бұл белгілерден аспан денелерінің бірі – Күн мен Ай және жұлдыздарды көруге болады. Текті адамдардың шапанында "тұйық ою" белгісі де салынған.

Ал қыз-келіншектер сырға, білезік, сақина, алқа тағып жүрген. Бұл әсемдік бұйымдарында да ай мен жұлдыз, жылан мен құс белгілерінің бейнелері салынған, оларды сол кездігі наным бойынша тіл-көзден сақтайды деп түсінген.

Қазақ елінің ерте заманнан келе жатқан дәстүрі бойынша, ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жұртына сәлемдеме жіберуі салтқа айналған. Сәлемдемеде жас келіншек өзінің жат жердегі өмірін, күйеуі мен оның туыстарының көзқарасын ою-өрнекпен хабарлап, хат жіберетін болған. Осы салт бойынша күйеуге ұзатылған бір келіншектің үйіне жіберген сәлемдеме хағында алақандай жарғаққа боны сорайған, ұзын, өте жіңішке бейне кестеленсе, оның қасында доп-доңгелек адам бейнесі салынған екен. Бұл сәлемдемеден қыздың ата-анасы жат жұртқа ұзатылған қызының "Отырса опак, тұрса сопак" болып жүрген мүшкіл халін көріп, көзіне жас алыпты.



Ата-ана қыз баланы жат жұрттық деп гүлге су құйғандай еркелетіп, өсіреді. Бағып, қағды. Қыз бала өз елінің жат жұрттағы өрісі ғана емес, ол — өз елінің елшісі.

Міне, осындай хат-оюды алған ата-ана елінің намысына тиетін мұндай хаттан соң құда мен құдағиына өкпелейді. Тіпті болмаса, төркін жұрты арнайы адамдар жіберіп, қыз жағдайын білуге аттанып та жатады. Егер жат жұртқа ұзатылған қыздан құсмұрын салынған сакина не кошқармүйізді оюы бар хат келсе, онда ата-анасы, ауылы, аға-жеңгелері болып той жасау дәстүрге айналған. Құдаларынан келген құсмұрын сакинасындағы күн белгісі — сынар дөңгелек мейірімділіктің баламасы ретінде танылған.

Ұзатылған қызға бауыры іздеп барса, қыз бала сағынған ауылдан соққан самал жәлдей бір серпіліп қалады.

Қазіргі зергерлер кейде күн белгісінің орнына кошқармүйізді, құсқанатын немесе құс тұмсықты алмастырып салып жүр. Бұл да — еркіндікті, молшылықты білдіретін ұғымдар. Хан мен төрелердің шапанында тасбақа немесе сегізжұлдыз оюлары салынса, саудагерлерде — түйе-табан ізі, астрологтарда — жұлдыз белгісі, қыз баланын киімдерінде гүлжапырақ, құсқанаты оюларын салу салты болған.

Қазақтың салт-дәстүрінің көпшілігі балаға қатысты. Нәрестенің дүниеге келуі, тұсаукесер, тоқымқағар, сүндет тойы сияқты шараларда жақын туыскандары, көршілері, ауылдастары құтты болсын айта келгенде, "бала жинағы" деп аталатын сыйлық тарту еткен. "Бала жинағына" сәбидің ой-өрісін дамытуға арналған ойыншықтар, асық, ат әбзелдері мен бәсіре кіреді.

Ал қыз баланың жасауы ерекше. Тұрмысқа шыққан қызға жеңгелері асыл тастан істелінген сырға, білезік, алқа, сакина, моншак, шашбау, сәукеле сыйлаған. Қыздың шешесі жылдар бойы жинап, бойжеткен қызды құтты орынға ұзатып, құдағиға түрлі әшекей сыйға тартқан. Осындай ізгілікті дәстүр екі жақтың адамдарын жақындастырып, бір-бірін жалғастыратын көпір болған.

Қыз бала бес жастан бастап төсек жинау, үй сыпырып-қағу, ыдыс жуу, тамақ істеу, кір жуу, дастарқанды әзірлеуге дайын болған. 10-13 жастан бастап қонақ күтуге, сыйлы адамдарға шай құюға, сөйлеу мәнерін үйренуге, жүріп-тұру этикасын меңгеруге, ою оюға, кесте тоқуға бейімделеді.

Бойын күту, ойын түзету, өнерді үйрену арқылы қыз бала өзінің жасауын өзі дайындауға ат салысқан. Иә, бала тәрбиесі отбасынан басталады. "Әр әке ұлына не үйретті, шешесі қызына не берді?" деген сұрақтар оларды мазаламаса, баланың кенже қалып, жігерсіз, намыссыз болуына әкеп соғады.

Өмірін оюмен өрнектеген, бояумен сәндеген халқымыздың сонау ықылым замандардан басталған ою-өрнегін әр ұрпақ дамытып, күнделікті өмірде пайдалануы — ұлттық өнердегі сабақтастық, салт-дәстүріміздің жалғастық табуы. Ою-өрнек тек қана әсемдік ұғымы ғана емес, ол ұлттық мұрамызды кең пайдалану, өміршеңдігіне ат салысу.

Ол үшін ұрпақ тәрбиесінде неге көңіл бөлу керек? Тәрбиенің анасы — ұлттық тіл. Ұлт тілі — алтын сандықтың алтын кілті. Бұл алтын сандықта бабалар тарихы, жерінің шежіресі, ұлттық болмысы мен сана-сезімі, салт-дәстүрі жатыр. Оларды білу үшін кілтпен алтын сандықты ашу керек. Ұрпақтың кеудесіне сәуле шашып, ояту керек. Тілін меңгерген ұрпақ елінің тарихын да, жерінің шежіресін де, бабалар мұрасын да үйренеді. Даланың анызын тындап, өнерін үйреніп, есейеді. Даланың әнін айтып, күйін шертеді. Олар рухани жағынан түлеп, қанаттанады. Еуропа мен Азия құрлығының алтын көпірі болған, бабалар қалдырған қазақ жері үшін, қазақ болып өмірге келгені, қазақша сөйлегені үшін мақтанады, шаттанады.

Ою-өрнекті оқу — халықтың өткендегі рухани өнерін, өмірін, мінсз-құлқын оқу деген сөз. Мысалы, түкті кілемдерде кездесетін үлкен гүлдерді "күмбез" десе, кілем жиектерінде су сылдырап ағып жатса, оны "қорған түбіндегі су" деп түсінген.



Ал текемет, тұскиіздердің ортасына салынған кошкармүйізді оюлар — мыңғырған малдың маңыраған, шулаған даусын шартты түрде бергенін, жиектеріндегі мүйіз ою — малдың корасы ретінде келтірілгенін байқаймыз.

Өнер-білім — өмірдің сәулесі, кең даладағы казак халқының тұрмыс-салты, көшпелі өмірінің өзі біздің халыққа ақындық шабытты, аспанмен астасқан кең дауысты, желмен таласқан күйді, өмірін өрнектеген ою-өрнекті сыйға тартқандай.

Сонымен қатар, дала қазағы құмай тазы ұстап, қыран құсты баптап, атты үйретіп, саят жасаған, өнерге, сөзге, шешендікке, өлеңге бейім тұрған.

Халық өнері, даналығы — біздің мұрамыз. Онда халқымыздың ежелгі өшпес ерлігі мен еңбегі, ақылы мен арманы, үміті мен сенімі, тұрмысы мен салты бейнеленген.

Қай халықтың болсын рухани сұлулыққа бой ұрған ұмтылысын аз сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл — ғасырлар жемісі, бұл мәңгілік өнердің толассыз тулаған шабыты ұрпаққа қуат беріп, оларға жол сілтейді. Өресі биік, өрісі кең өнер жана мазмұнға, ұлттық сипатқа ие болып, ұмытылып бара жатқан өнер қайта түрленіп, көненің қолтанбасы болған ою-өрнек әрқашан оркендей бермек.

Қорыта айтқанда, ғасырлар қатпарынан көктей өтіп, бойына сан толқын ұрпақтың өмір тәжірибесі мен сұлулығы туралы танымын табыстырған рухани арналарымыздың бірі — қол-өнеріміз.

Қазак қолөнері — өзіндік көркемдік нышандары мен жасалу тәсілдерін сонау қола дәуірінен бастап, скиф-сактардың даналық өнерінен нәр алған. Бұл қолөнер өз Отанындағы топырақтан ғана көктеп, жаттың өнерін жапсырмай, жамауын қабылдамай, айдынын іздеген бұлақтай жақпар тастың тесігіне тамырын жіберіп, күннен қуат алған, тау шынарындай сыртқы күштерден қысым көріп, иілсе де сынбай, жоғалмай бізге жетті.

Сұлулыққа деген сүйіспеншіліктен, табиғатқа байланысты наным-сенімнен, көшпенділердің тұрмыс-тіршілігінен пайда болған қолөнер — әлемдік мәдениеттің бір арнасы. Бұл өнер ұрпақтар толқынымен есейді де, ержетті.

Әр заманда өмір сүрген халық шеберлері өздерінің ою-өрнектері арқылы сол дәуірдің қоғамдық тіршілігінен де хабар беріп отырды.

Мысалы, Сағатбек Медеубайұлының дала аңыздарының желісіне сүйеніп, балаларға арнап жазылған "Оюхан мен Жоюхан" атты ертегісі осы ойымызды дәлелдей түседі.

Онда халықтың өнерін қолдап, ел тұрмысын ою-өнерге айналдырған халықтың қалаулы ханы, елдің қамқоры болған Оюхан мен өнерге жаны қас, тек қана соғысты ұнататын Жоюхан туралы ой қозғалады.

Бұл ертегіде қазак халқының "Үзілмес" атты оюына арналған сырмақтағы ою-өнердің сыры сөз болады. Жауыз ханның жалғыз ұлының далада қалай мерт болғанын ою-өрнектегі шартты ұғымдар арқылы жеткізеді.

Ертегі-аңыз қазак даласына арабтардың діни уағыздарынан бұрын таралған. Осы ертегідегі суыр, барыс, адам, жылан мен жер-су туралы баяндалған ойлар оюмен өріліп, оюмен оқылып, бізге де жеткен. Ол халық шеберлерінің рухани қазынасы. Өнер күдіреті арқылы ұрпаққа жеткен шежіре.

Бұрын халық шеберлері өздерінің ою-өрнектерінде адам мен тағы аңдар, құстар мен жәндіктер, ойдан пайда болған қияли бейнелер туралы шартты ұғымдарды пайдаланып келсе, Ислам діні енгеннен бастап дін иелері оларға шек қоя бастады. Алайда, халық шеберлері қиыннан жол тауып, қисынын келтіріп, ұлттық ою-өрнекті жоғалтып алмас үшін малдың сыртқы пішінін, ізін, дене мүшелерін, мүйізін пайдаланып ою-өрнектерді дамытты. Мысалы, осы ойымызды дәлелдеу үшін, Наршаһидтың "Бұқар тарихы" атты кітабындағы "Әли өлімі" қиссасынан үзінді келтірейік.





Осы еңбекте арабтар отқа табынған көшпенді халықтың шығармаларын отқа жағып, жойып жіберіп, өздері мұсылман дінін уағыздайтын мешіттер сала бастағанын айтады.

*"...Арабтар келгенімен тек келмеді,
Бас болды ат артына бөктергені.
Сынтастың жазуларын қырып алып,
Тарихқа қиянат қып, өктемдеді,
Кешегі ойма жазу орнына
Жыландай иреңдеген әріп келді", —*

дейді. Дегенмен де, Орта Азия халықтары үшін араб дінінің келуімен далалықтар көшпенді өмірден отырықшылыққа үйрене бастады.

Сол замандарда Орта Азиядан шыққан ғұламалар әлемдік мәдениетке, ғылымға да атсалысты. Тіпті, Орта Азия халықтары үшін Ренессанс дәуірі (қайта өрлеу дәуірі — *автор*) осы XIII ғасырдан басталғанын байқаймыз.

Бірақ Орта Азиядан шыққан ғалымдардың бәрі де арабтікі болып шыға келді. Бірақ та, сол ғұламаларды бүгінгі ұрпақтары қабылдап, әлемді танғалдырып, өз замандастарын табындырған жерлестерін бүгін мақтан етеді, оларға бас иеді.

Біздің мақсатымыз — ұлттық өнердің басқа да салалары сияқты ою-өрнектер де оқушылардың ой-өрісіне, біліміне, ұлттық тәрбиесіне атсалысып, ғасырлардан бізге жеткен бай мұраны түсіндіру, эстетикалық талғамына мән беру. Болашақ өнер иелері, суретшілер, сәулетшілер, зергерлер мен халық шеберлерінің бәрі де өнер әліппесін мектептен бастаған.

Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің атаулары көп-ақ. Ғалымдардың айтуынша, олардың түрлері 250-дей екен. Енді, осы ою-өрнектердің бастауы, төркіні қайдан шыққанына, неден алынғанына көңіл бөлейік.

Қазақтың ою-өрнектері "мүйізден" бастау алған. Оның себебі, көшпенді халықтың негізгі шаруашылығы — мал бағу. Олар малдың сүтін ішіп, етін жеп қана қоймай, терісінен үй-тұрмысына қажетті бұйымдар жасаған, ат әбзелдерін дайындаған, киім тіккен.

Біз әлі күнге дейін алғашқы ою-өрнекті кім ойлап тапқанын білмейміз. Бізге жеткен ою-өрнек атауларының бәрі де халықтық сипатқа ие болған.

Қазақ ою-өрнектерінің мазмұны аңшылыққа, жер-суға байланысты дамып отырған. Жайлауға кошу, туған жердің табиғатын тұскиіз бен кілемге, киімге салу арқылы халық шеберлерінің ой-өрісін дамытып, өнерге деген биік талғамынан пайда болғанын аңғарамыз.

Қазақстан жеріндегі Тараз моншасы, Ахмет Яссауи кесенесі, Айша бибі күмбезі. Есік қорғанынан табылған "Алтын адам" киімі. Күлтөбедегі табылған бұйымдар, Алтай жеріндегі Пазырық қорғаны мен Сібірдегі қазбалар, Дон мен Днепр жағалауларындағы ескерткіштердің бәрі де көне түрік мәдениетінің ең жоғарғы сатыда болғанын байқатады. Міне, сол көк түріктерден бастау алған қазақ елінің ою-өрнектері соның жалғасы деп түсінеміз.

Мысалы, мүйіз ою-өрнектері — молшылықты, байлықты білдірсе, құстарға арналған ою-өрнектер тек қыз-келіншектердің киімдерінде қолданылған, ол еркіндікті, бақытты, бас бостандықты білдірсе, құмырсқа мен өрмекші — бәле-жаладан, тіл-қозден сақтайды деп, киіз үйдің желбау, басқұр, алашасында пайдаланған.

Ал космогониялық (аспан денелері) ою-өрнектердің бәрі де адам тағдырын анықтайтын белгілер ретінде қабылданған. Ол — көк тәңірісінің ордасы, уақыттың межесі, жер үстіндегі бүкіл тіршіліктің тағдырын анықтайтын ұғым ретінде есте сақталған.

Түйенің ізі — ұзақ жолдың, керуеншілердің белгісі болса, барыс — ержүректіліктің белгісі, ал бәйтерек — ел арысы, үй иесі ретінде қабылданған ұғымдар.



Өсімдік ою-өрнектерінің бәрі де дала табиғатынан бастау алғанын аңғарамыз. Бұл ою-өрнектердің дені гүлжазира бейбіт өмірді, шаттық күлкіні елестетіп, жастық пен көктем белгілерінен хабар береді.

Ою-өрнектерде кездесетін "тарак" оюы – тазалықтың белгісі болса, "тұмар" оюы тіл-көзден сақтасын деген ұғымнан туғанын байқаймыз.

Халық шеберлерінің өнер туындыларындағы сырмақ, алаша, тұскиіз, кілем сияқты үй бұйымдарындағы кездесетін кошкармүйіз, сынармүйіз, сынықмүйіздер шет оюда қолданылғанда "қорған" деп аталады, ал ортасындағы "төртқұлақ", "төртгүл", "бітпес", "үзілмес" оюлары шалқыған бақытты, молшылықты білдіреді, қорғанның ішкі және сыртқы жағындағы "ирек" деген ою тіршіліктің белгісі, бүкіл жасыл әлемнің көзі ретінде қабылданған. Ол – судың белгісі.

Үй тұрмысында кездесетін сырмақ сөзі "сыру" дегеннен шыққан. Сырмақ ақ пен кара киіздің жымдасып бірігуінен пайда болған. Сонда сырмақ ақ пен кара түстен тұрған, олар – ақ пен кара. Бұл күн мен түннің белгісі, имандылық пен жауыздықтың белгісі, адалдық пен арамдықтың белгісі. Тіпті, осындай шартты ұғымдар ақ пен кара жіпті ескенде де байқалады.

Мысалы, "біреудің ала жібін аттамау" деген сөз тіркесінің екінші мағынасы – ұрлық қылмау. Ал көне билік дауында осындай дауға түскен екі жақтың ортасына ала жіпті керіп те қойған екен. Егер дау шешілсе, ала жіпті кара киім киген кемпір пышақпен екіге болген, бұл дау шешілді деген ойды білдірген.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері мен атауларына назар аударсақ, әр ою-өрнектің қолдау аясы, орны мен өз мағынасы, бастауы бар екенін көреміз.

Ою-өрнектерге нәр беріп, мағынасын анықтауда түстердің де орны ерекше. Бұл бояулар шебердің биік талғамынан пайда болып, жоғарғы талапқа, ұлттық талғамға ие болған.

Дала қазағы жер атын түске қарай қоюға шебер-ақ. Мысалы, Сарыарқа жері, Алатау, Қаратау, Көкшетау таулары десе, су аттары – Сарысу, Сырдария деген өзен аттары осыны дәлелдейді.

Сонда кімде-кім қазақ ою-өрнектерінің мағынасын білгісі келсе, осы бояулардың шартты белгілерін білуі керек.

Мысалы, көк түс – аспан, ғарыш әлемі, кейде су мен мұз ұғымын білдіреді. Ақ түс – адалдықты, пәктікті, қуанышты білдірген, ал қызыл – түс от пен Күн белгісін берсе, жасыл түс көктемді, жастықты білдірген, кейде береке мен молшылық белгісі ретінде қабылданады. Сары түс – от пен күннің жылуын берсе, кейде данышпандық ұғымын білдірген.

Бабалар ойын, аналар сырын түсіну үшін жас ұрпақ өз ұлтының бай мұраларын қорғап, өздері әрі қарай жалғастыруы абзал.

Жалпы адамзатқа ортақ ойлар, белгілер, таңбалар, шартты ұғымдар бар. Адам баласы қоршаған ортаны түсіну барысында осы шартты белгілер көбейе берген, олардың бәрі де айналадағы құбылыстарды танып, білуге көмектескен.

Мысалы, шеңбер бір нәрсенің сыртқы пішінін, мәселен Күн мен Айды, түн мен күнді, өмір мен өлімді, жарық пен көлеңкені, ыстық пен суықты, жақсы мен жаманды білдіреді.

Тамшы белгісі – суды, дәнді, жапырақты білдірсе, тор белгісі – егін алқабы мен абақтыны мензейді.

Құйын, иірім – дауыл-дүлей күшті білдірсе, ромб – табыс пен лауазымды аңғартады. Косу белгісі – адам пішінінен хабар берсе, кейде бағытты мензейді. Осы косу белгісі Хун тайпасының косемі Аттиланың (Еділдің) туында да болған екен. Ол Рим империясы күйреген соң, I ғасырда пайда болған Христиан дінінің таңбасына айналған. Тек қана төменгі жағын созып өзгерткен екен.

Нүкте – әр нәрсенің бастауы, тегі, төркіні. Мысалы, алғашқы қадам адымнан басталады, су бастауы – бұлақ болса, өмір мен өлім де осыны аңғартады. Өмір – қозғалыстың белгісі болса, өлім тоқырау.

Тік сызық – өсіп тұрған ағаш, тік тұрған адам, олар өседі, құлайды, шаршайды. Бұл самғауды білдіреді.

Көлбеу сызық – шаршау, жату, құлауды меңзейді.

Ирек сызық – карама-қарсы күштердің кездесуі, өзен жағалауы, араның жүзі, т.с.с.

Толқын – қозғалысты, тазалықты, ішкі сезімнің буырқанған күші ретінде берілсе, кейде судың тынысы, демі ретінде де танылады.

Үш бұрыш – тау белгісі, көтерілу, биікке шығу, төмен түсу деген сөз.

Ерте кезде казак жерін мекендеген басқару аймақтарында ою-өрнек түрлері әр кезде әр түрлі дамыды. Мысалы, оңтүстік жақтарда өсімдік оюлары орын алса, орталықта – "кошқар мүйіз", "түйсіннің ізі" деген оюлар көп кездесті, ал батыс өлкелерде "сыңармүйіз", "сынықмүйіз", "өрмекші", "құмырсқа" оюлары кең таралған.

Әр аймақтың шеберлерінің өз қолтаңбалары болған, ол ру белгісімен анықталған.

Казак ою-өрнектері би өнеріндегі қимыл-қозғалыстарда да жиі кездескен. Мысалы, қол мен аяқ қозғалысы арқылы кошқармүйіз бен гүлді аңғартса, би қозғалысында толқын мен су белгілері де корініс тапқан.

Казактың ою-өрнектері әр шебердің өнер шеберханасында дамып, терең мазмұнға, ұлттық мақтанышқа айналғанын аңғарамыз.

Ою-өрнекпен жазылған шеберлердің хатын ұрпаққа үйретіп отыру үшін үкімет тарапынан қолдау көрсетілсе, ұлт тілегі, бүгінгі күн талабы орындалар еді.

Ғалымдардың айтуы бойынша жеке адамдардың ғана емес, әр халықтың жасы да болады екен. Мысалы, орыс халқы қазір 60 жаста болса, казак елінің жасы 25-те ғана көрінеді. Біздің халықтың болашағы әлі алда екенін байқаймыз. Сонда үшінші мыңжылдық казак елінің толысар шағы, бүкіл адамзат мәдениеті мен ғылымына зор үлес қосады деп ойлаймыз.

Тағы да біраз символдық белгілер, таңбалар туралы ой қозғалық.

Белгі, айғақ, таңба, ең таңба, елтанба атауы адам баласының тарихына серік болып, айнала-сын қоршаған табиғат әлемін шартты түсіну үшін қажет болған. Символды белгілерге ден қою арқылы ғылыми зерттеулер жеке адамнан бастап жеке қауымға дейін, жеке ұлттан бастап, мемлекетке дейін әрбір тарихи кезеңдердегі таным-түсінікті, наным-сенімді, талғам-талапты анықтайды.


Символдық белгілер космос ғасырында да, тіпті ХХІ ғасырдағы компьютер заманында да адам қоғамына қызмет ете бермекші.

Жол тәртібі ережелерінің шартты белгілерінен бастап, мемлекеттік елтанбаға дейін адамдардың таным-түсінігіне, талғам-талабына сай жасалады. Ол әлемдік қозғалыс пен қоғамдық өзгерістерге бейімделіп отырады.

Міне, осындай таңбаларды көне дәуірлерден бастап бүгінде әр мемлекеттің туы мен елтанбасынан көруге болады.


Қорыта айтқанда, ою-өрнек – ежелден келе жатқан халықтық өнердің бір түрі. Оның шығу тарихы тереңде. Ал сюжеттік мазмұны мен түрлері, атаулары, мағыналары әр дәуірдің тыныс-тіршілігіне, тұрмыс-салтына орай өзгеріп, дамып, жетіліп отырған. Бүгінгі күні халқымыздың ою-өрнегі қайта түлеп бай мазмұн мен жаңа түр тауып, материалдық және рухани қазынамызға айналып отыр.

Тәуелсіздік алған 15 жыл ішінде мектептерде, кәсіптік оқу орындары мен ұлттық бұйымдар жасайтын кәсіпорындарда ою-өрнек түрлері кәсіптік деңгейге көтеріліп келеді. Бұл еңбекті ұлттық жеңіл өнеркәсіптерде, тамақ жасайтын фабрикалар мен жарнамаларда жариялап, табиғи өнеріміздің дамуына, сол сияқты бұрын ұмыт қалған зергерлік, сәулет өнеріне де өз үлесін қосады деп сенеміз.



Қазақтың ою-өрнектері

Түрлері	Атаулары
1. Аспан денелері – космогония	1. Күн 2. Ай 3. Жұлдыз 4. Кемпіркосак 5. Айшык 6. Жарты ай 7. Шұғыла
2. Зооморфтық ою-өрнектер (жан-жануарларға арналған ою-өрнектер) Жабайы аңдардың, құстардың, малдардың пішіні, ізі, мүйізі және денесі кескінделген ою-өрнектер	1. Қошқармүйіз 2. Қодасмүйіз 3. Арқармүйіз 4. Бұланмүйіз 5. Бұғымүйіз 6. Сынармүйіз 7. Сынықмүйіз 8. Айыртұяқ 9. Түйетабан 10. Түйеөркеш 11. Түйемойын 12. Ботакөз 13. Төрткұлак 14. Итқұйрық 15. Иттабан 16. Иттіс 17. Итемшек 18. Қазмойын 19. Қазтабан 20. Құсмұрын 21. Құсқанаты 22. Қарғанын ізі 23. Атерін 24. Атбасы 25. Омыртқа 26. Қабырға(қанка) 27. Жіліншік 28. Қолтықша 29. Бөрікөз 30. Бөрікұлак 31. Барыс



1	2
	<ul style="list-style-type: none">30. Бөрікүлак31. Барыс32. Елік33. Түлкібасы34. Тышқанізі35. Алакүрт36. Жұлдызкүрт37. Құмырсқа38. Өрмекші39. Көбелек40. Жыланбасы
<p>3. Магиялық ою-өрнектер</p>	<ul style="list-style-type: none">1. Тұйық ою2. Кісе3. Ат басына кигізілетін бетперде4. Адам басына киілетін бетперде5. Қалқандағы қияли бейнелер
<p>4. Өсімдіктерді бейнелейтін ою-өрнектер</p> <p>Гүл-жапырақ, өсімдік ою-өрнектері</p>	<ul style="list-style-type: none">1. Бүршік2. Қауыз3. Сабак4. Жапырақ5. Үзілмес6. Бітпес7. Райхангүл8. Жауқазын9. Үшжапырақ10. Бесжапырақ11. Сегізжапырақ12. Төртгүл13. Гүл





1	2
5. Үй тұрмысынан алынған ою-өрнектер	<ol style="list-style-type: none">1. Балта2. Балдақ3. Баспалдақ4. Ілмек5. Қармақ6. Тарак7. Тұмар8. Өкше
6. Геометриялық ою-өрнектер	<ol style="list-style-type: none">1. Шеңбер2. Дөңгелек3. Үшбұрыш4. Төртбұрыш5. Бесбұрыш6. Сегізбұрыш7. Ромб8. Шаршы
7. Жер-суға, тауға байланысты ою өрнектер	<ol style="list-style-type: none">1. Тау, өзен, көл, бұлақтар2. Бұтақ, ағаш3. Толқын, қайнар4. Ирек су

Қазақ ою-өрнектерінің мағыналары, үлгілері

1. Атбасы, жүген

“Атбасы” зооморфтық ою-өрнекке жатады. Көшпелі халық үшін жылқы малы – төрт тұлқын ішіндегі ең қасиеттісі. Оның киесі – Қамбар ата. Оның сүті – ем, еті – дәрі. Жылқы малы – алысты жақындататын көлік, жауынгерлік заманда ер қанаты, серігі болған. Ұлы даланың шежіресі ат тұяғы арқылы жасалған, малды ертеде қанаты бар пыраққа балаған. Сол себепті халық шеберлері өздерінің ою-өрнектерінде жылқы малын бейнелесуді ұмытпаған.

Бұл ою-өрнек алаша, кілем мен төсек жапқышта, киіз үйдің дөдегесінде жиі пайдаланылған. Оюлардың түстері – кара, көк, қоныр, қызыл.



2. Темірқазық жұлдызы

"Темірқазық" жұлдызы – аспан денелеріне жатады, ол – жолаушылар мен керуеншілердің жұлдызы. Бұл ою сәулет өнерінде ағаштан ою ойғанда кездеседі. Бақтың ішіне хауыз жасағанда қолданады.

Оюдың түстері көк, көгілдір, қызыл, қан қызыл болып келеді.

3. Төртқұлақ

"Төртқұлақ" оюы – зооморфтық ою-өрнекке жатады. Бұл ою кошқармүйіз үлгісінде жасалған кілем, алаша, тұскиіз, сырмақтардың ортасында кездеседі. Сәулет өнерінде қабырғаларды қаптау үшін қолданылады.

Оюдың мағынасы дүниенің төрт бұрышын көрсетсе, оның екінші мағынасы төрт жағы түгел, молшылық, береке деген ұғымды да береді. Бұл ою сахна түбіндегі декорацияда орта оюға салынады.

4. Төртгүл

"Төртгүл" өсімдік оюы тобына кіреді, бұл да дүниенің төрт жағынан хабар берсе, екіншіден төрт жағы түгел шаттыққа толы деген ұғымды білдіреді. Бұл ою-өрнек қыз баланың төсек тұсына ілінген тұскиізде, тосек жапқышта, орамал ортасында кездеседі.

5. Құс ою-өрнектері

Қазақ ою-өрнектерінде құстұмсық, құсқанаты, қарғаның ізі, қазмойын, қарлығаш, аққу, қырғауыл, қараторғай ою-өрнектері жиі кездеседі. Олардың бәрі де қыз-келіншектер киімдерінде, тұскиіз бен тосекжапқыштарда, орамал шеттерінде бейнеленген.

Бұл оюлардың бәрі де еркіндікті, бақытты білдіреді.

Оюлардың бояулары көк, көгілдір, қызыл, қан қызыл түстес болып келеді.

6. Баспалдақ

"Баспалдақ" оюы алаша мен тақыр кілемдердің ортасында орналасады. Киіз үйдің сыртындағы ши өрнегінде де кездеседі. Бұл оюды үйге шыбын-шіркейлер кірмесін, самал жел есіктен соғып тұрсын деп киіз үйдің есігіне құратын шиде де пайдаланған.

Оюдың бояулары қоңыр, қызыл, қан қызыл түстес болып келеді.

7. Ілмек

"Ілмек" оюы үй тұрмысынан алынған. Бұл ою-өрнектің мағынасы бешпент, қамзол сияқты қыз-келіншектердің киімінде қапсырма қызметін атқарған. Кейін мал мүйізінен, бақайларынан мүйіз түймелер жасаса, кей аймақтарда қайыңнан да дайындаған.

Міне, осы үй тұрмысынан алынған ою-өрнек басқұр мен алашада, тақыр кілемде де жиі кездеседі.

Бояулары – қызыл, қан қызыл, қоңыр, сары.



8. Қармақ

"Қармақ" оюы балық шаруашылығынан алынғанын аңғарамыз. Ерте кезде көшпелі өмірден отырықшылыққа үйренген соң, балық аулауға кезде талдан, шіліктен арнайы себеттер дайындап, қармақ, ау өрген екен. Сол кәсіптен алынған ою-өрнекті өнер шеберлері "қармақ" деп дүниеге әкелген. Бұл ою да басқұрда, тақыр кілемде, алашада жиі кездеседі.

Бояулары – көк, көгілдір, сия көк, кара.

9. Толқын

"Толқын" оюы – жер-судан алынған ою-өрнек. "Толқынды толқын итеріп, жағаға қарай ұмтылар, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер", кейде толқынды өзен-көлдердің тынысы, демі десе, ал теңіз үстіндегі дауылды оның ашуына тенеген екен халқымыз. "Толқын" оюы – тіршіліктің белгісі, "Су болса, ну болады", "Судың да сұрауы бар" деп бекер айтылмаған.

Бұл оюдың бояулары көк, көгілдір, сия түстес болып келеді.

10. Өрмекші

"Өрмекші" оюы зооморфтық ою-өрнекке жатады. Бұл ою-өрнек басқұрлар мен тақыр кілемдерде, желбау мен алаша, қоржындарда жиі кездеседі.

"Өрмекші" – байлық пен берскенің белгісі. Үй ішінде өрмекші көрсе оны өлтірмеген, "обал болады" деп үлкендер жастарға ескертіп отырған.

Бояулары – қоңыр, сары, кара, көк, көгілдір болады.

11. Түйеөркеш

Қазақ ою-өрнектерінде түйе тақырыбына арналған ою-өрнектер жиі кездеседі. Түйе малы көшпелі қазақ халқы үшін өте қасиетті төрт түліктің бірі саналған. Жайлауға көшкенде ол көлік қана емес, ұзақ жолда шөлге шыдайтын дала кемесі есепті болған. Бұл малды "Ойсыл кара" деп таныса, ол көшпелі қазақ елі үшін ғасырлар жүгін бірге аркалаған халқымыздың серігі ретінде белгілі.

Сол себепті өнер шеберлері өздерінің ою-өрнектерінде "түйеөркеш", "түйемойын", "түйе ізі", "ботакөз" деген өрнектерді ойлап шығарған.

Ол көбіне шет және орта оюда кездеседі. Көшпелі өмірдің жүгін ғасырдан-ғасырға алып келе жатқан дала керуені.

Бояулары – қоңыр, қызыл, қан қызыл, кара.

12. Раушан гүл

Бұл – өсімдік оюы. Осы оюды қыз баланың бас және кеуде киімдерінде қолданады.

"Раушан гүлі" кілем мен орамалда, тұскиіз бен төсекжапқыштың жиектерінде де орналасады.

13. Құмырсқа

"Құмырсқа" оюы – зооморфтық ою-өрнек ішінде құрт-құмырсқа оюына жатады. Бұл ою-өрнек те тақыр кілем, желбау, басқұрларда, алаша мен қоржындарда жиі кездесіп, отбасы мүшелерін тіл-көзден, ауру-сырқаудан сақтау үшін пайдаланған.



"Құмырсқа" – тек қана табиғат тазалықшысы ғана емес, ол бүкіл тіршілік әлемінің емшісі. Бояулары – қоңыр, сары, қызыл, қан қызыл, қара.

14. Бесжапырақ

"Бесжапырақ" оюы өсімдік оюына жатады. Бұл ою бұйымның ортасында немесе айналасы мен шет жағында орналасады.

Тұскиіз бен кілемде, әйел киімдері мен орамал жиектерінде кездеседі.

Түстері – қызыл, қан қызыл, жасыл, қоңыр.

15. Тұйық

"Тұйық" – геометриялық ою-өрнек. Бұл оюдың екінші мағынасы – тасбақа. Оюдың мағынасы – мәңгілік пен шексіздіктің белгісі. Сонымен қатар ол – рухани биіктік пен тектіліктің символы. Ерте кезде бұл оюды батырлардың иығына, билердің жауырын ортасына бейнелеген.

"Тұйық" оюы – барлық түркі тектес халықтардың ортақ оюы.

Түстері – қызыл, қан қызыл, қоңыр, сары, көгілдір.

16. Бұтақ

"Бұтақ" оюы өсімдік ою-өрнегіне жатады. Ол шет оюда – кілем, тұскиіз бен қыз-келіншектердің, жас балалардың киімдерінде кездеседі.

Ою-өрнектің мағынасы өсіп, есейген жастықты білдірсе, екіншіден ұрпағы үзілмесін дегенді аңғартады.

Демек, осы ою-өрнек бұтақ жайып, өсіп-онген ұрпақты аңғартса, бұтағы жан-жаққа тарап еліне камкор болған, ел есінде қалған азаматтардың ұрпақтары туралы ою-өрнекпен жазылған шежіре деп ұғамыз.

Ою-өрнек бояулары жасыл, қызыл, қан қызыл, қоңыр, сары болып келеді.

17. Құс қанаты

"Құс қанаты" оюы зооморфтық ою-өрнекке жатады. Бұл ою кілем мен тұскиізде, қыздардың киімдерінде кездеседі. Халық шеберлері өз халқының сөздік қорларында кездесетін "қанатым" деген сөзді есіне алып, өздерінің өнер шеберханасында дүниеге әкелген. Кейде қазақтар жасөспірімдерді "буыны бекімген, қанаты қатаймаған" деп атайды. Өмірге келген нәрестеге "Қанат" деп ат қояды. Әке-шешелері бұл атты тұңғышы мен кенже балаларына қойған. "Қартайғанда қанатым болсын, өзіміз жетпеген биікке жетсін, өзімізге қуат болсын!" – деп тілейді екен.

Бояулары – көк, көгілдір, жасыл, қызыл.

18. Қарлығаш

"Қарлығаш" оюы да зооморфтық ою-өрнекке жатады. Қарлығаш – көктем белгісі. Қарлығаш қашан да жақсылықтың белгісі саналған. Ол ұя салған үйде бсреке болады деп сенген.

Даланың аңызы болған, қыздарының есіміне ие болған бұл құсты халық шеберлері өздерінің ою-өрнектерінде жиі пайдаланғанын байқаймыз.

Бояулары – көк, көгілдір, кара, қоңыр.

19. Бүршік

"Бүршік" – өсімдік ою-өрнектеріне жатады. Бұл да көбінесе шет оюда қолданылады. Кілем мен тұскизде, төсекжапқыш пен орамал ортасында, балалар киімдерінде жиі кездеседі. Ою өсіп, өркен жайған бал балалықты, асқак арман мен шат өмірге құмарлықты, бойында қуаты бар, ағысы мол бұлақты елестетеді. Елі ертенінен үміт күткен ұлы мен қызын шеберлер осы ою-өрнек арқылы берген.

20. Айша бибі

"Айша бибі" оюы – өсімдік ою-өрнектерінің ішінде ғашықтарға арналған, аңыз-дастаннан пайда болған ою-өрнек. Бұл жапырақ оюына жатады. Ол әлі де қауызы ашылмаған, гүлінің бүршігі Ұлы Далаға жайылмаған, арманына жете алмай, қапыда мерт болып, сүйгенін көре алмай қалған ғашықтар туралы сыр шертеді.

Бояулары – көк, көгілдір, жасыл, қызыл, қан қызыл.

21. Бес таңба

Оюдың бұл түрі дүниенің төрт бұрышын шартты түрде бейнелеу ұғымын білдіреді. Алаша, басқұр тоқуда, сондай-ақ ағаш бұйымдары – сандық, кереует, кебеже, асадал, жұқаяқ әшекейінде кездеседі.

22. Жіліншік

Зооморфтық үлгідегі бұл оюды алаша, киізден жасалған тысқап, көрпеқап, ою-өрнекті ленталар – басқұр мен бауларды безендіруге қолданады.

Ою қан қызыл, қоңыр, жасыл, көк және қан түстерге боялады.

Өрнек пен оның орналасқан аясы әдетте бірыңғай түстес болып келеді. Бұл оюдан кейде жұмсақ рендердің – сары, қына сары түстердің үйлесімін көреміз.

Алайда, кейде қарама-қайшы түстер, мысалы, ақ немесе сары түсті фонға қара түсті өрнек жүргізіледі.

Бұл оюдың негізі малдың дене бітімінен алынған, ерте замандарда шоқпар ретінде де қолданылған.

23. Тұмарша

"Тұмарша" оюы үшбұрыш үлгілес болып келеді. Осындай тұмарлар тіл-көзден сақтау үшін балалардың мойнына, үй жануарларының ішінде төрт түліктен бас мал болса бой тұмар ретінде тағылатын.

Бұл кілем бұйымдарының жиегінде, киіз, кілем, текеметтің орта тұсын көмкеруде кездеседі.

Ою қара, көк, қан қызыл, қоңыр түстерге боялған. Сонымен қатар келген қонақтың отбасы мүшелеріне көзінің сұғы өтпесін деп, желбауға, уықбауға, басқұрға да салатын болған.

24. Қарғатұяқ

Бұл өрмек геометриялық және зооморфтық үлгілердегі ою бедерлерін білдіреді. Негізінен, такыр кілемдерді, алашаларды орнектеуге пайдаланады.

Бұл өрнектің түстері кок, сары, қан қызыл, қоңыр, қара түстерге боялады.

Қазақтың сөздік қорында "қарға тамырлы қазақпыз" деген сөз тіркестері кездеседі. "Бағзы заманда қасқыр бір баланы сүтімен асыраса, ал қарға ет әкеліп тұрған, — дейді. — Міне, сол баладан түркі тұқымы дүниеге келген", — деген аңыз бар.

Сонда бұл құс белгісінен алынған. Оның із таңбасы аңшыларды орманнан адасудан сақтаған. Аңшылар қарғаның бағыт беретін белгісін тандап алып, жолға ағашқа кертіп салып отырған.

25. Балта

Бұл оюдың сыртқы пішіні балтаға ұқсас келеді. Оның себебі ертеде темір өндіру өте қиын болғандықтан, темірге табынудан пайда болған ою. Мұндай ою кесекпап, қазанқап, көрпеқаптарда, тұскиіз, төсек жапқыш және орамал кестелерінде, алаша мен басқұр өрнектерінде кездеседі.

Ою қызыл, қоңыр, кок, қара түстерге боялған.

26. Ирек су

"Ирек су" өрнектері кілем тоқуда, кестемен нақышталған бұйымдарда кездеседі. Бұл оюмен бұйымдардың жисктері түрлендіріледі.

Көгілдір, көк, сия көк түстерге боялады. Еліміздің 70 пайызға жауық алқабын шөл-шөлейт жерлер алып жатыр. Яғни, мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі халықта су тапшылығы сезілген.

Су — тіршілік көзі, су болмаса, табиғаттын жасыл әлемі де сарғаяды. Міне, халық шеберлері өздерінің ою-өрнектерінде осыған көңіл бөлгенін байқаймыз.

27. Балдақ

Бұл өрнек бұйымдарын әшекейлеуде, кесте тігуде, зат бетіне оюлы бедер салғанда пайдаланылады. Ою қатарынан бірнеше жүргізілген кезде композицияның орта тұсын көмкеретін күрделі өрнек түзеді.

Қоңыр, көк, жасыл, қызыл түстерге боялады. Кейде өзге түстегі қосымша сызықпен айналдыра жисктеме жүргізілгенде өрнек айшықты және жарасымды ренге ие болып, құлпыра түседі.

Бұл оюдың бастауы "сүйеу", "сүйенішім" деген ұғымнан дүниеге келген. Қарт адам ағашқа сүйенген. Міне, осыдан барып "балдақ" атауы пайда болған.

Қазақтың жұмбағында да осы ой елес береді. Мысалы, "Танертсең төрт аяқпен, түсте екі аяқпен, қсшке қарай үш аяқпен жүреді" деген ұғым да осы балдақты мензейді.

28. Тарақ

Осындай геометриялық үлгідегі өрнекпен әшекейленген басқұрлар, алашалар айқын да ырғақты нақыш-мәнерімен ерекшеленеді.



Сары, коңыр, қызыл, көк, кара түстерге боялады.

Бұл өрнектің негізі тазалықтың белгісі ретінде кеспкен қайыңнан, сиыр мүйізінен жасалады.

29. Тышқан ізі

"Тышқан ізі" оюы кілемдерді, коржын, аяқ қап тәрізді басқа да тұрмыстық жиһаздарды әшекейлегенде пайдаланылады. Мұндай өрнек көбіне шет оюда жиі кездеседі.

Коңыр, қан қызыл, кара түстерге боялады. Тышқан — адам адам болып жаралғалы бірге өмір сүріп келе жатқан жәндік. Тіпті, бұл атау қазақ халқының мүшел жылнамасында бірінші орынға ие болған.

30. Қаңқа

Мұндай өрнекпен тоқыма бұйымдары — алаша, басқұрларды әшекейлегенде, кестелегенде пайдаланады.

Сары, жасыл, күрен қызыл, сия көк, кара түстерге боялады.

Бұл өрнектің аты атап тұрғандай, өрісте жүрген малды дала тағылары жеп кеткенде, етінен арылған сүйек.

Халық шеберлері осы жайды көре білген, көңілге тізе берген, ал шабыт келгенде, өнер туындысы болып бізге де жеткен екен.

31. Жұлдыз

Өзіндік символдық мәні бар бұл ою аспан әлемі шырақтарын тұспалды бейнелеу мағынасын білдіреді. "Жұлдыз" өрнегі негізінен кілемнің орта тұсында жиі кездеседі.

Негізгі түстері — қызыл, қан қызыл, көк, сия көк. Бұл ою "жұлдызын жоғары болсын!" деген ана тілегінен туса керск. Бұл — қыз жасауының бір бөлігі.

Қазақта: "Темірқазық — жолаушы жұлдызы, Қамбар жұлдызын — аншылар жұлдызы десе, Шолпан — шопандар жұлдызы", — дейді екен.

32. Сынықмүйіз

Халық шеберлері оюдың зооморфтық үлгідегі басқа да түрлерімен қатар "сынықмүйіз" оюымен кілемдерді, шилерді, алаша мен тықыр кілемді, басқұрларды, әр түрлі қалталарды, қаптар мен коржындарды безендірген.

Бояудың негізгі түстері — қызыл, қан қызыл, сары, жасыл, коңыр, кара.

33. Қос дөңгелек

Қазақ ою-өрнегінде геометриялық үлгінің жекеленген түрлері өте көне заманнан бері сақталған. Өзінің бастапқы сиқырлы мағынасын жойған бұл дәстүрлі бейнелеу түрлері осы күнге дейін кең қолданылып келеді.

"Қос дөңгелек" өрнегімен негізінен, қыз бұйымдарын, текеметтерді, сырмақтарды әшекейлеген.



Көк, қан қызыл, қара түстерге боялады. Бұл оюдың төркіні "қосағыңмен қоса ағар" деген ана тілегінен шықса керек. Кейде әжелер, құдағилар қос дөңгелек сақинаны саусағына салғанда осыны аңғартады. Міне, халық шеберлері осы ойдан өрнек жасаған болуы ықтимал.

Немесе, адамдар өмір бойы жарық әлемнің шырағы Күннен, Айдан алуы да мүмкін ғой. Бұл да өмірдің символы емес пе?!

34. Қайнар

"Қайнар" өрнегі жайылымдар мен суаттардан тапшылық көрген малды өлкеде өмірге келуі ықтимал. Бұл оюдың түпкі мәнісі салқын түстер гаммасын – көгілдір, көк, сия көк бояуларын қолдануды көздейді. Осы оюды кей жерлерде "бұлақ" деп те атайды.

35. Мүйіз

"Мүйіз" оюы – қазақ ою-өрнегінің бастауы, негізгі және ең көне ою. Жинақталған, көлемі ірі бұл оюды сан түрлі үйлесімде текеметтерде, сырмақ пен шилерде, алаша мен кілемдерде, сондай-ақ сәулет өнерінде көп қолданған.

Қызыл кірпіш, қызғылт, сұрғылт жасыл, сары, қара түстерге боялады.

Қазақтар қоршаған ортасының бәрін де мүйізге айналдырған, оларға дүниенің бәрі де билеп тұрған тәріздес болған. Тіпті, бұл ою кеменің суға тастайтын зәкірі де сияқты болып көрінеді.

36. Қошқармүйіз

Бұл – көне ою түрі. Ол көшпелі тайпалардың тұрмысынан алынған.

"Қошқармүйіз" орнегімен әдетте, бұйымдардың орта тұсы әшекейленеді. Киіз бұйымдарында (текемет, сырмақ), тоқымалық өнерде (басқұр, алаша, кілем), сондай-ақ былғары, сүйек, ағаш, зергерлік бұйымдарда кездеседі. Бұл ою құрақ көрпелер, бостектер дайындағанда жиі қолданылады.

Оларды бояуға қызыл, жасыл, қоңыр, ақ, қара түстер қолданылады.

37. Гүл

Халықтың көпшілік бұйымдары өсімдік үлгілес өрнектерімен жиі әшекейленген. Табиғатқа тән түрлерді жинақтап, ой елегінен өткізе келе халық шеберлері оюдың мейлінше айшықты және ырғақты, ықшамды болуына баса назар аударды.

Бұйымның бетіне бос орын қалдырмай, толығымен орналасқан мұндай өрнектер көзге тартымды.

"Гүл" орнегімен көбінесе, үй-іші жасауларын – тұскиіздерді, сүлгілерді, қоржындарды әшекейлеген.

Сары, қына сары, қызыл, қызғылт, қан қызыл, көк, көгілдір, жасыл түстерге боялады.

38. Түйетабан

"Түйетабан" оюын халық шеберлері әр түрлі бұйымдарды әшекейлегенде, ағаш жонуда, теріге бедер салғанда, кесте тігуде, киіз бұйымдар дайындағанда, қоркем тігіспен өндегенде қолданған.

Негізгі түстері – көк, қан қызыл, қоңыр, қара. "Түйетабан" жолаушылар мен керуеншілер оюы саналған.

39. Қолтықша

"Қолтықша" – геометриялық ою-өрнек. Ол алаша, тақыр кілем, басқұрларда кездеседі. Бұл оюдың сыртқы пішінінен қозғалыс үстіндегі адамды байқаймыз. Ол күрес үстінде немесе билеп жүрген адам бейнесін слестетеді.

Бояу түстері – қызыл, қоңыр, қан қызыл, сары, көк түсті болып келеді.

40. Ботамойын

Қазақтың ою-өрнектерінің бәрі де иілген, бұралған, еңкейген пішінді көрсетеді. Осындай оюлар әрдайым қозғалыс үстінде көрінеді. "Ботамойын" сол тектес ою. Ол зооморфтық оюға жатады.

Түстері – қызыл, қан қызыл, қоңыр.

41. Сыңармүйіз

Бұл – кең таралған оюлардың бірі. Мұнымен әдетте, киіз бұйымдары – текемет, сырмақтарды әшекейлеген. Көбінесе бұл ою жиек оюда немесе шет оюда қолданылады, кейде бұйымның ортасындағы оюды жиектеу үшін көмкереді.


42. Итқұйрық

Табиғат түрлерін шығармашылықпен бейнелеу қазақ ою-өрнектерінің зооморфтық үлгілерінде жарқын көрініс береді.

"Итқұйрық" оюы көбінесе, сүйек пен ағаштан жасалған бұйымдардың – киіз үйдің есігі мен төсектің төсек жапқыштың бет жағында оюлы бедер түсіруге пайдаланылған. Онымен кейде киіз бұйымдарын, етіктерді әшекейлеген. Мұндай жағдайда өрнек – көк, қызыл, қоңыр түстерге боялады.




Қазақтың киіз үйі



Көне түркілердің «Жеңіс биі»



Сырмак оюм





Топ оюы




Тосеніш (сырмак)




Төсеніш (сырмақ)





Атерін ою


Атбасы ою



Түйетабан оюы



Шет ою үлгілері






Түлкінің басы



Қошқармүйіз






Киіз есік оюы



Киіз есік оюы




Түскиз оюы



Құмырсқа оюы



Түскүз оюмдары



Тұскиіз оюы





Сырмақ оюы




Сырмак оюы





Айналағы көрініс



Тор оюы




Аралас оюлар






Кісе оюлары





Қошқармүйіз оюы

Құсқанаты оюы



Сынықмүйіз оюы

Сынармүйіз оюы



Сынықмүйіз оюы







Еттабақтағы қайнар оюы



Қошқармүйіз оюы







Толқын оюмы




Ешкімүйіз оюмы



Күсканитты мен тууык оюлар





Қошқармүйіз (орта ою)




Қошқармүйіз (орта ою)



Раушан оюы






Кошқармүйіз

Түйенің ізі




Төрткүлдік пен төртгүл оюлары





Түйе өркеш оюы




Еңлікмүйіз оюы



Табан балық оюы



Ботакөз оқуы



Тұскиіз оюы







Шеңбер ішіндегі ою



Опра оіо








Кісе оюы

Барыс оюы

Түйетабан оюы



Қараторғай оюы



Еңлік оюы




Қарағорғай оюы







Жастык тысы оюу





Көктем туды оқы



Ұлы далаға наурыз келді



Аққу оюы

Құс оюы

Тастардың адам тағдырына сәйкес келуі

Туған күнге байланысты еуропалық түсініктер	Зергерлердің халықаралық қауымдастығының бекітуінен соң әр адамның туған күніне байланысты тастардың сәйкес келуі	Еуропа халықтары бойынша жұлдызнама белгілері	Жұлдыз жорамал бойынша		Қазақтың күнтізбесіндегі жұлдызнама белгілері
			Батыс Еуропа елдері бойынша	Азия елдері бойынша	
1	2	3	4	5	6
1. Қаңтар (гиацинт, гранат, опал, сапфир)	гранат	Тауешкі (Козерог) 22.12-19.01	Оникс, Хризопраз, Морион, Турмалин	Опал	Тауешкі 22.12- 20.01
2. Ақпан (аметист, сапфир, хризолит, александрит)	аметист	Сукүйғыш (Водолей) 20.01-19.02	Сапфир, Обсидиак, Аквамарин, Лазурит	Сапфир	Сукүйғыш 21.01-18.02
3. Наурыз (яшма, коралл, хризолит, аметист, александрит)	аквамарин	Балықтар (Рыбы) 20.02-20.03	Аквамарин, Жемчуг, Аметист, Алекса- ндрит	Хризо- лит	Балықтар 19.02-23.03
4. Сәуір (сапфир, алмаз, лазурит, япғарь, аметист)	сердолик, аметист	Токты (Овен) 21.03-19.04	Сердолик, Аметист, Рубин (Қызыл)	Аметист	Токты 23.03-24.04
5. Мамыр (изумруд, агат, нефрит)	изумруд	Торпак (Телец) 20.04-20.05	Агат, Топаз	Сердо- лик	Торпак 21.04- 21.05
6. Маусым (агат, малахит, жемчуг, изумруд, гелиотроп, халцедон)	жемчуг	Егіздер (Близнецы) 21.05.-21.06	Топаз, Берилл, Алекса- ндрит, Оникс	Берилл	Егіздер 22.05- 21.06



1	2	3	4	5	6
7. Шілде (оникс, рубин, сердолик, изумруд, хрусталь)	рубин	Шаян (Рак) 22.06-27.07	Халцедон. Изумруд. Бирюза	Изумруд	Шаян 22.06-21.07
8. Тамыз (сердолик, яшма, рубин, хризолит, игровый глаз)	хризолит	Арыстан (Лев) 23.07-22.08	Рубин, Яшма, Опал, Церкон	Рубин	Арыстан 22.07-21.08
9. Қыркүйек (хризолит, алмаз, жемсұт, яшма, сапфир)	сапфир	Бикеш (Дева) 23.08-22.09	Изумруд, Сапфир, Алмаз, Хриолит	Яшма	Бикеш 22.08-21.09
10. Қазан (топаз, аквамарин, опал, алмаз)	опал	Таразы (Весы) 23.09-22.10	Алмаз, Берилл, Нефрит, Хризолит	Алмаз	Таразы 22.09-21.10
11. Қараша (бирюза, марион, опал)	топаз	Сарышаян (Скорпион) 23.10-21.11	Топаз, Аметист, Сердолик, Малахит	Топаз	Сарышаян 22.10-21.11
12. Желтоқсан (рубин, бирюза, опал)	бирюза	Мерген (Стрелец) 22.11-21.12	Гиацинт, Гранат, Сапфир	Бирюза	Мерген 22.11-21.12

Пысықтау сұрақтары

1. Қазақ зергерлері әйелдерге қандай сәндік бұйымдарды сыйлаған?
2. Сәукеле деген атау қайдан шыққан?
3. Сәукеле кімдерге арналып жасалған?
4. Сырға ұғымы қайдан шыққан? Сырғаның қандай түрлерін білесіңдер?
5. Сырғаның қандай магиялық қасиеттері бар?
6. Шашбау, шолпы деген ұғымдардың мағынасы қандай?
7. Шашқапты әйелдер қандай жағдайда пайдаланған?
8. Өңіржиек, алқа, моншак деген атаулардың мағынасы қандай, бұларды қалай пайдаланған?
9. Жүзік, сакина, білезіктердің мағынасы қандай? Олардың магиялық қасиеттеріне тоқтал. Қазақтың салт-дәстүрінде қандай жағдайда қолданған?
10. Кісе, кемербелбеу деген ұғымдар нені білдіреді? Олардың магиялық, емшік қасиеттері бар ма?
11. Қапсырма, түймелерді қандай бұйымдардан дайындаған?
12. Бойтұмар мен үкіаяқтың қандай магиялық қасиеттері бар?
13. Көне замандарда зергерлер қандай металдар мен асыл тастарды пайдаланған?
14. Әйелдер тамақ дайындағанда қолына күміс сакина салмаса, қонағы ренжіген екен. Неге?
15. Қазақтың қыз-келіншектері жүзікті қай қолына салған? Неге?
16. Сатып алған қымбат металл мен асыл тастарды неге 7 күнге дейін тақияй үйде сақтаған?
17. Ұрланған зергерлік бұйымдар аламға ауру әкеледі. Неге?
18. Адамдар асыл тастарды көзінің түсіне, жұлдызнамасына, емшік қасиеттеріне қарап таңдайды. Неге?
19. Қазақтар "Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен" деген мақалды қандай жағдайға байланысты айтқан?



Қосымша материалдар
Ою-өрнектерге байланысты мақалдар

1. Ою ойған сызу да сызады.
2. Асыл қайшы пішуге сән,
Күміс қасық ішуге сән.
3. Ерінбеген етікші болады.
4. Ою ойғанның ойы ұшқыр.
5. Сызу сызғанның сиқыры бар.
6. Әке көрген оқ жонар,
Шеше көрген тон пішер.
7. Шебердің өнері ортақ.
8. Үйренгенін өзіне құт,
Істегенің еліне құт.
9. Үлгісі көптің өрнегі көп,
Өрнегі көптің ермегі көп.
10. Өнерсізден құт қашар.
11. Оюды оя алмаған – ойланбаған.
12. Білмегенінді сұрап алуды ар қорме,
Адам сұрап білмесе,
Ештеңе де үйренбейді.
13. Ойсыздан оюшы шықпайды.
14. Шебер көп жерде өнер көп.
15. Кестені көңіл сызады,
қол тігеді, көз сынайды.
16. Күміс семдеп, зер салмай,
Қошқармүйіз төңкермей,
Ұласымды өрнек жараспас,
Көкөніс өрнек көмкермей.



Пайдаланылган әдебиеттер

1. Т.К. Басенов. Сак өнерінің архитектуралық ескерткіштері. – Алматы, 1947.
2. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда (XIX – начало XX вв). – 1964.
3. Маргулан А. Казахская юрта и ее убранство. – М., 1964.
4. Масанов А. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле. – ТИАЗ Ан КазССР. – Т.12. – А., 1961.
5. Масанов А. Заметки по резьбе по кости и камню у казахов. Т.18. – А., 1963.
6. Қазақтың зергерлік бұйымдары. – А.: Өнер, 1981.
7. Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т. 1, 2, 3. – А.: Өнер, 1986.
8. Оразбекова Н.А. Казахское народное прикладное искусство. – Ленинград: Аврора, 1970.
9. Аргынбаев Х. Казахское прикладное искусство. – А.: Өнер, 1987.
10. Күралұлы А. Қазақстан дәстүрлері мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы, 1998.
11. Фадеев Г.А. Серия "Мир Знаний, Химия в цвете". – М.: Просвещение.
12. Р. Әлмұратов. Қызықты ботаника. – А.: Мектеп, 1978.
13. Ғ. Есімов. Мал мен жан // Жұлдыз. – 1989. – №10.
14. Қазақтың зергерлік өнері. – А.: Өнер, 1980.



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
1-БӨЛІМ	
ҒАСЫРЛАРДАН ЖЕТКЕН ОЮ-ӨРНЕКТЕР	5
Ою деген не?	9
Өрнек деген не?	10
Қазақтар бояуды қайдан алған?	11
Ою-өрнектің тәрбиелік мәні	11
Қазақ ою-өрнектерінің мағыналары, үлгілері	20
Қазақтың дәстүрлі қолөнеріндегі ою-өрнектер	103
2-БӨЛІМ	
БОЯУЛАР – ӘЛЕМНІҢ АЖАРЫ	108
3-БӨЛІМ	
ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР	117
Зергерлік бұйымдардың мағыналары	118
Асыл тастардың магиялық және емдік қасиеттері	124
Қосымша материалдар	131
Ою-өрнектерге байланысты мақалдар	131
Пайдаланылған әдебиеттер	133